

Исатай ауданында Нарын, Жанбай ауылдық округтерін құру және Исатай, Забурын, Аққыстау, Тұщықұдық ауылдық округтерінің әкімшілік-аумақтық шекараларын өзгерту туралы

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XVII сессиясының шешімі 2002 жылғы 19 сәуір № 203-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 1 маусымда № 986 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауына өзгеріс енгізілді – Атырау облыстық Мәслихатының 10.10.2014 № 324-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, сонымен қатар Исатай ауданының өкілетті және атқарушы органдарының ұсынысын ескеріп, екінші сайланған Атырау облыстық мәслихатының XVII сессиясы **шешім етті:**

1. Исатай ауданында Забурын ауылдық округі жерінен Нарын және Жанбай ауылдық округтерін құру туралы Атырау облысы әкімиятының 2002 жылдың 21 ақпанындағы № 96 қаулысымен келісілсін (жалғанды).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – Атырау облыстық Мәслихатының 10.10.2014 № 324-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қосымшаға сәйкес Исатай, Забурын, Аққыстау және Тұщықұдық ауылдық округтерінің әкімшілік-аумақтық шекарасы өзгертілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – Атырау облыстық Мәслихатының 10.10.2014 № 324-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Облыстық XVII	Мәслихаттың сессиясының	кезекті төрағасы
Облыстық Мәслихаттың хатшысы		

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы 2002 жылғы 21 ақпан № 96 «Нарын, Жанбай ауылдық округтерін құру және Исатай, Забурын, Аққыстау, Тұщықұдық ауылдық округтерінің әкімшілік-аумақтық шекараларын өзгерту туралы»

Ескерту. Қаулының атауына өзгеріс енгізілді – Атырау облыстық Мәслихатының 10.10.2014 № 324-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және Исатай ауданының өкілетті және атқарушы органдарының пікірін ескеріп, облыс әкімияты **қаулы етеді:**

1. Исатай ауданында Нарын және Жанбай ауылдық округтері құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – Атырау облыстық Мәслихатының 10.10.2014 № 324-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қосымшаға сәйкес Исатай, Забурын, Аққыстау және Тұщықұдық ауылдық округтерінің әкімшілік-аумақтық шекарасы өзгертілсін.

3. Осы мәселе облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына енгізілсін.

	Облыс әкімиятының 2002 жылғы 21 ақпан № 96 қаулысына қосымша
--	--

1. Исатай ауылдық округі - Исатай стансасының аумағы

2. Забурын ауылдық округі - Забурын және Аманкелді елді мекендері

3. Нарын ауылдық округі - Нарын бекеті, Мынтөбе, Жаңа Жанбай елді мекендері

4. Жанбай ауылдық округі - Жанбай ауылы, Манаш елді мекені

5. Аққыстау ауылдық округі - Аққыстау селосы, № 17 бекет, Гран, Шыныбек,
Есіркеп елді мекендері

6. Тұщықұдық ауылдық округі - Чапаев ауылы, Бекайдар, Айбас, Қызыл үй елді
мекендері .